

*Жүре пайда болған
иммундық
дефицитінің
синдромы*

Жоспары:

I.Кіріспе.

Жүре пайда болған иммундық
дефицитінің синдромы туралы.

II.Негізгі бөлім.

ЖИТС жұғу жолдары.

ЖИТС негізгі белгілері.

ЖИТС алдын алу шаралары.

III.Қорытынды.

Бұйрықтар:

- ❖ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV кодексі
- ❖ 19-тарау. Аитв инфекциясын жұқтырғандарға және житс-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету
- ❖ 112-бап. АИТВ инфекциясының және ЖИТС-тың профилактикасы, диагностикасы және оны емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері
Мемлекет АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға:
 - 1) тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қараудың қолжетімділігі мен сапасына, динамикалық байқауды қамтамасыз етуге, психологиялық-әлеуметтік, заңдық және медициналық консультациялар беруге;
 - 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде медициналық көмекке және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге;
 - 3) әлеуметтік және құқықтық қорғауға;
 - 4) ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуіне;
 - 5) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға кепілдік береді.

Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы
- аса қатерлі вирустық дерт. Қоздырушы - адамның
иммундық дефицит вирусы.

**ЖИТС – адамның иммундық жүйесінің бұзылуынан
пайда болатын ауру. Иммундық тапшылық әсері
салдарынан бір немесе бірнеше қауіпті аурулар дамуы
мүмкін (пневмония, туберкулез, рак және т.б.), бұл
аурулармен адам ағзасы күресе алмайды.**



Инфекция көзі

Вирус жұққан адам — вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады. Көз жасында, жұлын сұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болуы мүмкін. Жұғу жолдары. Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай:

- жыныстық қатынас;
- вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда);
- анасынан нәрестеге жұғу арқылы.

ВИЧ - пен (ЖҚТБ) зақымдалу үшін қауіпті топтар мыналар:

1. Жыныс серіктерін жиі ауыстыратын еркектер.
2. Еркектер мен гомосексуальисті еркектердің қатынаста болуы.
3. Нашақорлардың топ ішінде вена арқылы қолданылуы.
4. Жыныстық серіктері көп әйелдер немесе жезөкшелікпен айналысатындар.
5. СПИД тараған жергілікті тұрғындармен жыныстық байланыста болатын адамдар.
6. СПИД - қа қарсы зерттелмеген донорлардан көп қан құйылған гемофилиямен ауыратындар.
7. ВИЧ - ті жұқтырған немесе СПИД - пен ауыратындармен жыныстық қатынастағы адамдар.
8. ВИЧ немесе СПИД - пен ауыратын анадан туған балалар.

Белгілері:

Вирус жұққан адамдардың 35-50%-ы ауырады. Қалғандары дені сау, вирус тасымалдаушы болып қалады. ЖИТС немесе қазіргі кезде АИВ инфекциясы деп аталатын індеттің тиісті кезеңдеріне қарай әртүрлі белгілері болады. Жұққан сәттен бастап алғашқы белгілері пайда бола бастағанға дейінгі уақыт инкубациялық кезең – бастапқы АИВ-инфекция) 2-3 аптадан 6-12 айға, кейінгі кездегі мәліметтер бойынша бірнеше жылға дейін созылады. Инфекция кейде белгісіз түрде дамиды. Негізінде науқастанғандардың 1/3-нің дене қызуы көтеріліп, баспа (ангина), бас ауыруы, лимфабездерінің ісінуі, әлсізденуі, терісіне бөртпешығу сияқты жедел ауру белгілері пайда болуы мүмкін.


Медико-деонтологиялық мәселелер

ЖИТС-пен ауыратын науқастар ЖИТС туралы, аурудың қауіптілігі туралы, берілу жолдарын білуі керек және ауруды басқаларға жұқтырудан сақтану керек. Дәрігерлер тек ЖИТС-тің емін білуге емес, ЖИТС туралы науқастарды хабардар етуіге, аурудың актуальдығын, профилактикасын, онымен күресу жолдарын қарастыруы керек.



ЖИТС жұғудан қалай сақтанады?

Әртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі — вакцина егу. Алайда вакцина дайындау бағытында тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп жатса да, ондай профилактикалық препарат алу әзірше қолдан келмей отыр. ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар: әлеуметтік, халықаралық, мемлекеттік шаралар; жеке басты қорғауға бағытталған шаралар.



Профилактиканың басты міндеті — ЖИТС тасымалдаушыларды анықтап, жұғу арнасын сенімді түрде жауып тастау. Осы мақсатта көптеген елдерде мынадай шаралар жүргізіліп жатыр:

- ❖ халықтың (тұрғындардың) кейбір топтарын сөзсіз және жоспарлы түрде лабораториялық тексеруден өткізу;
- ❖ донорлық, қанды, сперманы, органдарды тексеру;
- ❖ гемофилиямен ауыратындарды, нашақорларды, гомосексуалистерді, жезөкшелерді тексеру;
- ❖ ауырғандарды арнайы ауруханаға жатқызу және емдеу;
- ❖ сенім телефондарын ұйымдастыру;
- ❖ ЖИТС-пен ауырғандарға консультация және көмек беретін комиссия жұмысін ұйымдастыру;
- ❖ диагностикалық орталықтар, кабинеттер ашу.



Профилактика

- ❑ салауатты, әдепті өмір сүру;
- ❑ кездейсоқ жыныстық қатынастан және гомосексуалист, жезөкшелермен жақындасудан сақ болу (жыныстық партнер көп болған сайын ЖИТС жұқтыру қаупі арта түседі. Г. В. Сколубовичтің. (1989) айтуы бойынша, «Жыныстық тәртіпсіздік, нашақорлық және жезөкшелік — ЖИТС вирусын жұқтыру кепілі»);
- ❑ стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;
- ❑ әсіресе терісі, шырышты қабаттары зақымданған жағдайда бөтен біреудің қанымен, бөлінділерімен жанасудан абай болу;
- ❑ презервативті дұрыс пайдалану (ол ЖИТС-тен қорғайды);
- ❑ қан құйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылданғанда олардың АИВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу (ол үшін қолданылған қанның сериялық нөмерін жазып алыңыз);
- ❑ маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару;
- ❑ ЖИТС вирусын жұқтырып алдым-ау деген күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну.

Жыныстық қатынастан сақтану шараларын оқыту

Жыныстық қатынас кезінде жаман аурулардан, жүктіліктен сақтану үшін өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Көбінесе, әйелдер осы тұрғыда әр түрлі құралдар, кремдер, мазьдар пайдаланып жатады, ал негізі, ең тиімді әдіс мүшеқап болып табылады. Ол бактерияларды өлтіріп, сперматозоидті жойып, жүктіліктің алдын-алу үшін пайдаланылады. Еркектің ұрығын жатырға жібермей, жүктіліктің алдын алып, ВИЧ, СПИД сынды аурулардан сақтайды. Сондықтан, мүшеқаптың пайдасы жоғары көрсеткіш көрсетуде. Дегенмен, қазіргі кезде сапасы төмен мүшеқаптар көптеп кетті. Базарларда, далада мерзімі өтіп кеткен мүшеқаптар сатылады, кез-келген жерде алынған мүшеқаптың денсаулыққа зияны тиюуі мүмкін. Оны сатып алмас бұрын оның сапасын анықтап қарап алған жөн. Медициналық тексерістен өткен 100 пайыздық нақтылығы бар мүшеқаптар пайдаланылуы керек. Яғни, медициналық мекемелерден ғана сатып алған дұрыс.

Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстары

Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты — ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жоғарыда аталған ЖИТС орталықтары ұйымдастырушы, тәсілдеуші және емдеуші мекемелер ретінде жұмыс атқарады. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар. Олардың жұмыс бағыттары мынадай:

1. Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» (группы риска) жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;
2. Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Қорытынды:

Қорыта айтқанда, әдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ-шарап ішіп, наша тартудан, кездейсоқ жыныстық жақындасудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-тен қорғай алады.